



ÓZEN

№1 (71) ҚАҢТАР 2022 ж.

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



Құрметті әріптестер!

Міне араға тағы да бір жылды артқа тастап, жаңа 2022 жылға қадам бастық. Бытыр біздің компания үшін табысты да берекелі жыл болды. Қастерлі Тәуелсіздігімізге – 30 жыл, Маңғыстау мұнайына – 60 жыл толды. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. 2021 жылға бекітілген мұнай өндіру жоспары 5 346 400 тонна болатын. Компания еңбек ұжымының ауызбіршілігі мен табандылығының арқасында 5 327 026 тонна мұнайды өндіріп, жақсы көрсеткішке қол жеткіздік. «Өзенмұнайгаз» АҚ қашан да қала халқы үшін жасалатын игі бастамаларды қаржылай қолдауға дайын тұрады. Барыс жылында да қала тұрғындарының игілігі үшін мемлекеттік мұрағаттың типтік ғимаратын салуға, «Білім-инновация» мектеп-лицейінің ғимаратын ағымдағы жөндеуге және құрал-жабдықтармен жабдықтауға, электр энергиясын үздіксіз өндіруді қамтамасыз етуге, сондай-ақ өнер ордамыз «Мұнайшы» мәдениет сарайын ағымдағы жөндеуге біраз қаражат бөлінді.

Компаниямызда атқарылатын жұмыстардың бәрі мұнайшының игілігі үшін жасалады. Болашаққа деген бағдарламамыз да, жоспарымыз да көп. Бәрі де біртіндеп алдағы уақытта жасалады. Бізде жұмыс тоқтамайды, өзімізді өзіміз үздіксіз жетілдіріп отырамыз. Осы жылы мұнайшылармен бірге атқарар жұмыстарымыз жетерлік.

Өмірде елге қызмет еткеннен артық мәртебе жоқ. Жаздың аптап ыстығында, қыстың қақаған суығында аса маңызды да жауапты жұмыс атқарып жүрген мұнайшыларға, Жер-Ананың қазба байлығын игеруге атсалысып жүрген әрбір өндірістік сала мамандарына, кез келген жағдайда қолдау көрсете жүріп, өзара түсіністікпен, сыйластықпен жұмыс істеп жүрген Сіздердің әрқайсыңызға жеке-жеке риясыз алғысымды білдіремін!

Ырысымыз тасысын, ынтымағымыз жарассын, биігіміз бір, бірлігіміз бекем болсын!

Шаңыраққа тек жақсылық тілеймін!

Құрметпен, «Өзенмұнайгаз» АҚ
бас директоры Есен ӨТЕЕВ.



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ
сенім телефоны жұмыс істейді

Компания қызметкерлерінің өз міндеттеріне салғырт қарауын болдырмау мақсатында Қауіпсіздік департаментінің «сенім телефоны» жұмыс істейтінін хабарлайды. Қызметкерлер сенім телефонына жұмыс бабында орын алған құқық бұзушылық немесе келеңсіз жағдайдың алдын алу, қитұрқы әрекетті болдырмауға ықпал ететін өзге де маңызды ақпаратты хабарлай алатындығын қаперіңізге береміз.

Хабарлаушы азамат есімінің құпия сақталуына кепілдік беріледі.

Қауіпсіздік департаментінің сенім телефоны: +7 (72934) 65-1-54.

Электронды поштасы: doverie@umg.kmgep.kz



ҚАҢТАР АЙЫНДАҒЫ МҰНАЙ
ӨНДІРУ ЖОСПАРЫНЫҢ
ОРЫНДАЛУ КӨРСЕТКІШІ

93,73 %



МҰНАЙ – ЕЛ ЫРЫСЫ

ӨНДІРІС ЗЕГІ

Ел тәуелсіздігінің отыз жылында Қазақстан біршама қарышты қадам жасады. Талай өркениетті елдермен терезе теңестіріп, тәжірибе алмасты. Осының бәріне жер астындағы «қара алтынның» да үлесі ерекше. Ал сол баламасыз байлықтың біршама бөлігі киелі Маңғыстау топырағынан шығып жатқаны белгілі. Оның ішінде мұнай өндіруде «Өзенмұнайгаз» АҚ үлесі айтарлықтай екені де баршаға мәлім.

Әлемді ойландырған коронавирус пандемиясы дүние жүзі экономикасына әсер етіп, 2020 жылғы сәуірде мұнай бағасы төмендеді. Дегенмен, Қазақстан экономикасының басты тірегіне айналған мұнай саласындағы өндіріс бір сәтке де бәсеңдеген емес. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына қарасты барлық компаниялар, оның ішінде біздің «Өзенмұнайгаз» АҚ компаниясы да

айдау сияқты өндірістік жұмыстарды да жоспар бойынша жүзеге асырды.

Тағы бір айта кетерлігі, 2020 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «ҚазМұнайГаз Инжиниринг» ғылыми зерттеу институтымен бірігіп дағдарысқа қарсы сценарийлер мен іс-қимыл жоспарларын әзірледі. Осылайша компанияға кері әсер етуі мүмкін шығындарды қысқартып, компанияның ұзақ мерзімді дамуы үшін тиімді



орыннан мұнай және газ өндіруге мүмкіндік беретін технологиялық қондырғылар, буферлік сыйымдылықтар, пештер, сораптар орнатылды. ҚР Энергетика министрлігі аталған кен орынан мұнай өндіруге арнайы рұқсат бергеннен кейін бұл құрылғы жара қабатының қорын сынау мақсатында 6 ұңғыны жоғарғы қабатқа аударуға мүмкіндік береді. Осы жұмыстарды тиімді жүзеге асыра отырып «Өзенмұнайгаз» компаниясы қосымша мұнай өндіру көлемін ұлғайтуға қол жеткізеді.


2020 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ қабатқа айдалатын судың сапасын жақсарту мақсатындағы стратегиялық жобаларды аяқтап, мұнайшылар игілігіне берді. Мұнай өндіру процесінде қабаттан алынатын ілеспе суды тұндыратын қосымша резервуарлық парк салып, су тұндыру мерзімін ұлғайтты. Ілеспе суды тұндыруға, су құрамында кездесетін қалдық мұнай көлемін азайтуға және су дайындау процесінде кездесетін механикалық қоспалар көлемін азайтуға мүмкіндік алды. Бұл жобалар толығымен аяқталған соң, қабатқа жоғары сапалы су айдалатын болды. Осылайша бұл қабатқа су айдауға арналған агрегаттарды араға уақыт салып жөндеу кезеңін де ұлғайтты.

Қазақстан экономикалық өсімді арттыратын мұнай-газ өнеркәсібін цифрландыруға басымдық беріп отырғаны белгілі. Цифрландыру кәсіпорындардың шығынын азайтып,

деңгейінің азаю себебін жылдам анықтауға мүмкіндік беріп, соның арқасында істен шыққан ұңғыларды анықтау уақыты айтарлықтай қысқарды.

«Өзенмұнайгаз» АҚ ауыр экономикалық ахуалға қарамастан мұнай дайындау және жинау цехының технологиялық үрдістерін автоматтандыру жүйесін жаңғырту жобасын аяқтады. Соның арқасында аталған цех нысандарын басқару деңгейі жоғарылады, технологиялық процестерді толық бақылау жүзеге асырылды, тауарлы мұнайды дайындау жақсартылды. Есептер мен графиктер процесі автоматтандырылып, сол арқылы адами фактор әсері азайды. Алдағы жылдарда осы тектес жобаларды басқа да цехтер мен мұнай-газ өндірісі басқармасына қарасты нысандарда жүзеге асырып, ол жерлерде орталықтандырылған үйлестіру пунктін енгізу жоспарланып отыр.

«Өзенмұнайгаз» АҚ экспортқа шығарылатын мұнай көлемін ұлғайтып, компания маркетингін жақсартқанын да ерекше атап өткен жөн. Яғни, әлем елдерінде туындаған дағдарыс тек қауіптерді анықтауға ғана емес, оңтайландыру жұмыстарын іске асыруға да тамаша мүмкіндік болды. 2020-2021 жылдары «Өзенмұнайгаз» АҚ жұмысқа деген көзқарасын өзгертіп, экономикалық тиімділігі жағынан маңызды жобаларды іске асыру үшін бөлінген бюджет шеңберінде қаражат бөлуді қолға алды.




сол кездегі өзгерістерге жылдам бейімделіп, бағытын айқындап алды. Пандемия әлем елдерінің экономикасына соққы жасап жатқанда «Өзенмұнайгаз» АҚ алдына қойған негізгі міндеттерді бұлжытпай орындады. Әсіресе, дағдарыстың әсерінен шығындарды азайту, қойылған әлеуметтік міндеттерді орындау сияқты талаптарды толықтай атқарды. Геология саласындағы табысты шешімдер арқылы да жетістіктерге қол жеткізе алды. Қарамандыбас кен орнының қоры 5,5 мың тоннаға, яғни 4,7 пайызға өсті.

2020 жылы пандемияға байланысты мұнайға деген сұраныс азайғаны белгілі. Сондықтан Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы (ОПЕК) мен оның құрамына кірмейтін мемлекеттер арасында тиісті келісім жасалған еді. Сол шектеулерге сәйкес, Қазақстан мұнай өндірісін қысқартты. 2020 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ бекітілген жоспар бойынша 5 341 мың тонна мұнай өндірді. Сондай-ақ басқа да мұнай тапсыру, ілеспе және табиғи газ өндіру, қабатқа су

деп танылмаған жұмыстар тоқтатылды. Сонымен қатар «Өзенмұнайгаз» компаниясымен ұзақ жылдар бойы серіктес болып келе жатқан ірі мердігер мекемелердің негізгі жұмыс көлемін қысқартпауға шешім қабылданды. Бұл ірі мердігерлер қатарында «Бұрғылау» ЖШС, «Кезби» ЖШС, «Мұнайфилдсервис» ЖШС, біршама транспорттық мекеме бар. Осы шешімнің арқасында олардың жұмысшылары қызметін тұрақты түрде жалғастыра алды. Дәл осы кезеңде әлем елдерінде кәсіпорындардың жабылып жатқанын ескерсек, мұны өте жақсы нәтиже деп атауға әбден болады.

«Өзенмұнайгаз» АҚ қабатқа айдалатын теңіз суының орнына альбсеноман суын пайдалану секілді кейбір жобаларды уақытша тоқтатты. Әрі осы жылы туындаған экономикалық жағдайларға қарамастан, біршама стратегиялық жобаны соңына дейін жеткізді. Жоспар бойынша жыл аяғында Батыс Теңге кен орнындағы мұнай жинау, дайындау және жіберу пунктін құрылысы аяқталды. Бұл жинау пунктінде кен

- күрделі жөндеумен бітіруге жоспарланған скважина саны
- нақты күрделі жөндеумен біткен скважина саны
- нақты күрделі жөндеумен біткен скважиналардың ішінде мұнай
- нақты күрделі жөндеумен біткен скважиналардың ішінде су скважинасының саны



табысын еселейтіні, өндірістің тиімділігін арттыратынын ескерген «Өзенмұнайгаз» АҚ 2020 жылы кен орындарды цифрландыруды да назардан тыс қалдырмады. Атап айтқанда, №4 мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты топтық қондырғылардағы сұйық өнімді өлшеу тораптарын қайта құрылымдау жұмыстарын жүзеге асырды. Сондай-ақ барлық мұнай өндіру басқармаларының кәсіпшіліктеріндегі мұнай санау тораптарына жаңадан «Optimass» мұнай есептегіштері орнатылды. Бұл мұнай өндіру

Яғни, өзіндік құны жоғары компания ретінде «Өзенмұнайгаз» компаниясының алдында әлі де үлкен мақсаттар тұр. Сондықтан болашақта компания тиімділікті арттыруға мүмкіндік беретін жобаларға аса көңіл бөлмек. Атап айтқанда, ұңғылардың жөндеуаралық кезеңін ұлғайту, электр энергиясын тұтынуды азайту, сораптық қондырғыларды жаңарту және заманауи жабдықтарға көшу, коррозияға төзімді құбырларды пайдалану секілді жұмыстар басты назарда болмақ.

НӘТИЖЕЛІ ГЕОФИЗИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Кен игеру саласында геология мен геофизиканың рөлі ерекше. Осы орайда «Өзен-мұнайгаз» акционерлік қоғамы «Өзен-Қарамандыбас кен орнын қосымша барлаудың 2017–2021 жылдарға арналған толық бағдарламасын» бекіткен еді. Соған сәйкес компания «Қарамандыбас» орнында мұнай мен ерітілген газ қорларын С2 санатынан С1 санатына ауыстыру жұмыстарын толық жүзеге асырды. Сонымен қатар «Қарамандыбас кен орнының игерілмеген учаскелерін одан әрі зерттеу бойынша ұсыныстар бере отырып, геологиялық құрылымды нақтылау», «Өзен кен орнының Парсымұрын арқа орта юра шөгінділерінің құрылымын және өнімділігін анықтау» тақырыптары бойынша жұмыстарды да толық орындады. Сондай-ақ, «Қарамандыбастағы газ қорын қайта есептеу және ТЭН МҚК» тақырыбы бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.



«Өзенмұнайгаз» АҚ Өзен және Қарамандыбас кен орындарында жаңа ұңғылар бұрғылап жатыр. 2021 жылы 187 ұңғыда 273 мың метрге жуық таулы-жыныстарды бұрғылау және 217 мыңнан астам тонна мұнай өндіру жоспарланып, бұл меже артығымен орындалды.

Қазіргі таңда геофизикалық зерттеулер мұнай және газ өндіру саласының ажырамас бөлігіне айналған. Осы ретте компания 2021 жылдың өндірістік бағдарламасы бойынша 3069 ұңғыда түрлі геофизикалық зерттеулер жүргізуді жоспарлаған еді. Бұл қолданыстағы нысандарды игеру жүйесінің тиімділігін бағалау және оны жетілдіру мақсатында жүргізілді. Нәтижесінде жыл соңына дейін бұл жоспар артығымен орындалып, 3171 ұңғыда геофизикалық зерттеулер жүргізілді. Геофизикалық зерттеулердің нәтижелері бойынша күрделі жөндеу және жерасты жөндеу бригадалары арқылы суланған қабаттарды оқшаулау, басқа қабаттарға көшу, пайдалану тізбегінің ақауын цементтеу және қосымша тізбек түсіру арқылы оқшаулау жұмыстары жүзеге асырылды. Бұл шаралар қосымша мұнай өндіру жұмыстарында жоғары рөл атқаратынын айта кеткен жөн.

Ұңғылардың түбіне әсер етудің ең арзан және тиімді әдістерінің бірі – ату-жару, яғни, қайта және қосымша ату жұмыстары. Жер асты жөндеу бригадаларының күшімен биыл қайта және қосымша ату жұмыстарының арқасында мұнай өндіру көлемі артты.

Өзен және Қарамандыбас кен орындары бойынша
2021 жылы бұрғыланған жаңа ұңғылар





ТРАНСПОРТ ДЕПАРТАМЕНТІНДЕ

ӨНДІРІСТІК ТЕХНИКАЛАР — еңбек өнімділігін арттырушы құрал

Қай салада болмасын, көліксіз және арнайы техникасыз жұмыс бітпейтіні бесенеден белгілі. Өндіріске жұмыскерлерді тасымалдауға автобустар, мұнай өндіру жұмыстарына СИН-35, СИН-32, АЦН, жылжымалы бу қондырғылары, азоттық-компрессорлық станциялары, АПРС-40, ПАП-60/80 көтергіш агрегаттары, құбыр, сорап, шыбық тасығыштар, АРОК, АСР, СГИ, бульдозерлер, жүк көтергіш крандар және де сол сияқты көптеген арнайы техникалар жұмылдырылған.



Есептік балансында 1400-ден астам арнайы техникалары бар «ӨМГ» АҚ-на қарасты №1, 2, 3, 5 СҚКБ, ТТБ, АТБ, ХжЭБ және БЖБ транспорттық құрылымдық басқармалары сұраныстар бойынша арнайы техникалармен тәулік бойы үздіксіз қамтамасыз етуде.

«ӨМГ» АҚ-ның транспорт департаментіне жүктелген негізгі міндеттер, «ӨМГ» АҚ-на қарасты барлық өндірістік құрылымдық басқармаларының арнайы көліктерге деген сұраныстарын уақытында және сапалы күйде қамтамасыз етуді ұйымдастыру. Арнайы техникаларға қажетті қосалқы бөлшектер, жағар май, материалдар, қондырғылар, техникалық қызметтер мен жөндеу жұмыстарына өндірістік бағдарламада және бюджетте қажетті қаражаттарын қарастыру, уақытында сатып алу процестерін жүргізу, келісім-шарттар жасақтап, орындалысын бақылауға алу жұмыстарын күнделікті жүргізудеміз.

Қосалқы бөлшектермен қамтамасыз ету жұмыстарына «Alliance Motors Kazakhstan» ЖШС және «West Real Service» ЖШС-терімен ұзақ мерзімді келісім-шарттар жасақталып, арнайы техникалардың жөндеуде тұру күндерін азайтуға жағдайлар жасалды.

Азаматтық қорғаныс заңнамалары талаптарына және ескірген, тозығы жеткен, амортизациялық мерзімін өтеген арнайы техникаларды жаңғырту іс-шараларына сай, жыл сайын Қоғамның бюджетінде тиісті қаражат қарастырылып келеді.

2021 жылдың сатып алу бюджеті бойынша транспорт департаменті және сатып алу, логистика департаменттерімен, «Самұрұ-Қазына» ӨАҚ» АҚ-мен біріге отырып, сатып алу процедураларын өткізіп, 83 бірлік техника сатып алуға келісім-шарттар жасақтады. Соның ішінде 66 бірлік техникаға келісім-шарттар отандық тауар өндіруші зауыттармен жасақталды.

Бір қуантарлығы, кәсіподақ ұйымы тарапынан да, жұмыскерлер тарапынан да отандық тауар өндіруші зауыттардың жұмыстарына қызығушылық танытып, «ӨМГ» АҚ бас директорының қолдауымен, бірнеше қызметкерлер аталған зауыттарға барып, өндірістерімен танысып қайтты.

Атап өтсек, Қостанай қаласында орналасқан «Сары-АрқаАвтоПром» ЖШС өндіретін JAC пикап жеңіл көліктерімен танысуға Бұрғылау жұмыстары басқармасынан жүргізушілер Б.Берниязов, М.Рахметов, ТТБ-нан ӨТБ бастығы М.Нұрбаев, жүргізуші М.Саттығұлов және транспорт департаменті аға инженері А.Тулаев барып келді.

№2 «СҚКБ» автотізбек бастығы Б.Ахметов, №5 «СҚКБ» транспорт жөніндегі аға механигі Т.Тұрсабеков, «БЖБ» пайдалану бөлімінің аға шебері А.Қарғаев және транспорт департаментінің директоры Б.Бегжанов Көкшетау қаласында орналасқан «Ка-

МАЗ-Инжиниринг» АҚ өндіретін КамАЗ шассиіндегі әртүрлі арнайы техникалармен танысты. Сонымен қатар «КамАЗ-Инжиниринг» АҚ басшылығымен тендерге қатысу және бәсекелестік келіссөздерге қатысу туралы жиындар өткізіп келді.

Бауырлас Татарстан Республикасында орналасқан Алабұға (Елабуга) автомобиль зауытының Қазақстан Республикасындағы ресми дилері боп табылатын «Актобе-нефтегазоборудование» ЖШС-мен 12 бірлік АПРС-40 көтергіш агрегатын әкелуге келісім-шарт жасақталды.

АПРС-40 көтергіш агрегаттарын жасау процесімен танысуға №1 СҚКБ ӨТБ бастығы Қ.Қожағалиев, БЖБ автотізбек механигі С.Тілеумағанбетов және бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтары жөніндегі орынбасары А.Бәшенов Алабұға автомобиль зауытына барып, өндірісімен танысып шықты.

«ӨМГ» АҚ мамандары тарапынан жасалынып жатқан көтергіш агрегаттарға, машинистерге тиімді етіп, 26 конструкциялық өзгерістер енгізуге ұсыныс берілді. Келіссөз жүргізу нәтижесінде «ЕЛАЗ» басшылары тарапынан 12 ұсыныс қабылданып, көтергіш агрегат конструкцияларына өзгерістер енгізілді. Қалған ұсыныстар әртүрлі жобалау жұмыстары және бағалары өзгеруіне әкеліп соқтыратынына байланысты, келесі жылдары қарастырылатынына хаттама жасақталды.

Қазіргі таңда келісім-шарттар жасақталған 83 арнайы техникалардың ішінде, тербелмелі қондырғылардың жағар майларын ауыстыруға арналған май тасығыш (масловоз), JAC пикап жеңіл көлігі, фронталдық гидротиегіш, К-744 тракторы, жер тілетін Бар машинасы, Вектор Некст автобусы, АПРС-40 көтергіш агрегаттары, вахталық автобус, өзі түсіргіш (самосвал), жүк көтергіш (автокран), трал, АСК, шыбық тасығыш, АТЗ, АЦПТ, АРОК, АСР, АОП, шасси КамАЗ әкелініп, транспорт басқармаларына бөлініп, өндірісте тиімді пайдаланылуда.

Тозығы жеткен арнайы техникаларды жаңарта отырып, геологиялық, техникалық іс-шараларды дер кезінде орындауға, мұнай және газ өндіру жоспарын орындауға, қауіпті өндірісте келеңсіз оқиғалардың алдын алуға, адам өміріне және денсаулығына зиян келтірмеуге қол жеткізудеміз.

Сонымен қатар, ұзақ мерзімді жөндеу жұмыстарына тұрып қалмау, жүргізушілердің әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешуге, техникалардың пайдалану және дайындық коэффициенттерін көтеріп, өндірісті қосымша техникалармен



қамтамасыз етуге мүмкіншілік туындайды.

Жер асты жөндеу (ПРС) бригадаларының бос тұрыстарын болдырмау жұмыстары жүйеге қойылып, 2013 жылғы бригадалардың 3360 сағат бос тұрысын, дер кезінде арнайы техникалармен қамтамасыз ету арқасында, 2021 жылы 529 сағатқа дейін азайуына қол жеткіздік. Бұл көрсеткіш те мұнай өндірудегі арнайы техникалардың зор үлесі бар екендігінің дәлелі.

Қоғам бойынша жол көлік оқиғаларды болдырмау мақсатында автотөліктердің жылдамдық режимін сақтау күнделікті бақылауға алынған. Транспорт басқармалары басшыларының және жауапты мамандарының жүргізушілер арасында жүргізген түсіндірме жұмыстарының нәтижесінде, 2021 жыл бойынша жылдамдық шектеу талаптарын бұзушылық фактілері 383 құрады, салыстырмалы күйде, 2020 жылы осындай көрсеткіш 3360-ты құрап еді, яғни өткен жылдың бұзушылығының 10 пайызын ғана құрады.

Сонымен қатар, «KUNAN HOLDING», «КазПромТехКомпани», «МунайСпецСнаб Компани», «Альянс ОйлСервис» ЖШС-тері және басқа мердігер мекемелермен көлікпен қамтамасыз ету жөнінде келісім-шарттар жасақталды.

Атап айтсақ 2017 жылдан бері, күнделікті жоспарланған жұмыстарын оперативті түрде орындау мақсатында, мұнай-газ өндіру басқармасының топтық қондырғы және қабат қысымын сақтау шеберлерін жыл бойы автотөлікпен қамтамасыз етіп келеді.

Ұжымдық шарттың 9 тарау 9.2 тармақтарына сәйкес Жаңаөзен қаласына қарасты іргелес жатқан елді мекендерден жұмыс орнына автобустармен апару әкелу тасымалдау қызметтері күнделікті орындалуда.

Қорыта айтқанда, компанияға қарасты транспорт басқармалары өздеріне жүктелген жоспарларды ойдағыдай орындап, мұнай және газ өндіру жоспарын орындауға өздерінің мол үлесін қосуда.



БІЛІМ тәжірибемен ұштасқанда

Өндірістің дамып, өркендеуіне білікті мамандардың қосып жүрген үлесі зор. Қазіргі таңда «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамында 9 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Оның ішінде 4 мыңға жуық адам негізгі өндірісте жұмыс істесе, көлікпен тасымалдау қызметін көрсету ұйымдарында 3,4 мыңнан астам жұмыскер бар. 1,5 мыңнан астам адам қосалқы ұйымдарда жұмыс істесе, басқарма аппараты мен Корпоративтік оқу орталығында 317 адам жұмыс істейді.

2020 жылдың қаңтар айынан бастап компания жүйелі түрде кезең-кезеңімен негізгі штатқа қабылдауды, яғни, қызметкерлерді «аутсаффинг» ұйымынан ауыстыру арқылы жұмысқа алуды жүзеге асырып келеді. 2020 жылы штатқа 154 жұмыскер, 2021 жылы 280 жұмыскер негізгі штатқа ауысты. Бұл жүйені компания Жаңаөзен қаласының әкімдігімен бірге жасаған. Оған сәйкес, өндірістік басқармалардағы «аутсаффинг» ұйымына енген мекемелерден негізгі штатқа сәйкес 2020 жылы 182, 2021 жылы 278 адам қабылданды. 2021 жылы практикалық сынақ тапсыру арқылы сирек қолданыстағы мамандықтар бойынша іріктеу жүргізіліп, 76 маман «аутсаффинг» ұйымына жұмысқа қабылданды. Олардың қатарында электржазбен дәнекерлеуші, электр жабдықтарын жөндеу бойынша электр-монтер, бақылау-өлшеу аспаптарын жөндеуші, электронды жөндеуші, отын аппаратын жөндеу бойынша автослесарь, іштен жану қозғалтқышын (ДВС) жөндеу бойынша автослесарь, автомобильдің электржабдықтарын жөндеу бойынша автослесарь секілді басқа да мамандар бар.

«Өзенмұнайгаз» АҚ қоғам бойынша зейнеткерлікке шыққан, қайтыс болған және мүгедектігіне байланысты еңбектен қол үзген жұмыскерлердің әлеуметтік жағдайын көтермелеу мақсатын да назардан тыс қалдырған емес. 2020-2021 жылдары өндірістік басқарма комиссиясының ұсынысымен осы санаттағы адамдардың отбасы мүшелері жұмысқа қабылданды.

Мұнай-газ өндіру аға шеберлері, жерасты жөндеу шеберлерінен құрылған «Кәсіби шебер» тақырыбында модульдік оқу бағдарламасының түлектері тәжірибе алмасу мақсатында Татарстан Республикасындағы «Тат-нефть» АҚ қарасты кен орына барып, өз біліктіліктерін жетілдіріп келді. Құрылымдық басқарманың екі жетекшісі және орта буындағы басшы инженерлер еліміздің беделді университеттерінде MBA дәрежесі бойынша оқудан өтті.

Жаңаөзен қаласының білімді жастарын көтермелеу мақсатында «Геология және кенорынды игеру», «Мұнай кәсіпшілік жабдықтарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету» және «Экономика, есеп және аудит» бағыттары бойынша оқу орындарын үздік үлгеріммен бітірген жастарға арналған «Жас маман» бағдарламасы іске қосылды.

2022 жылдан бастап қаламыздың арнайы білім беретін колледждерімен бірге дуалды оқыту жүйесі жүзеге асырылады. Бұл жүйе жастарға мамандығын жоғары деңгейде игеруге мүмкіндік беретіні белгілі. Сондықтан «Өзенмұнайгаз» АҚ үлгерімі жоғары студенттерге өндіріс пен оқуды қатар алып жүруге, білім мен тәжірибені қатар меңгеруге жағдай жасамақ.

Жөндеу және құрылыс саласы

Кен орынды пайдалану барысында әртүрлі жұмыстар қатар жүретіндіктен, күрделі жөндеу және құрылыс саласын мұнай мен газ өндіру-технологиялық процесінің бір бөлігі десек қателеспейміз.



2021 жылдары күрделі құрылысқа, күрделі жөндеуге, жобалау-ізвестіру жұмыстарына келісім-шарттар жасалып, толығымен орындалды. Күрделі құрылыс департаментінің Жоба және смета жасақтау бөлімі 2021 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ Бұрғылау жұмыстары басқармасының қолданыстағы «Жөндеу-механикалық шеберханасы ғимаратын кеңейту» жұмыс жобасын жасақтап, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алды.

2020-2021 жылдары бұрғылаудан кейін мұнай ұңғыларын және су ұңғыларын жайластыру, 20 000 м3 термобаспа құрылғысының құрылысы және қайта құрылымдау, 5а – су жылыту қондырғысын қайта құрылымдау, мұнай-газ өндіру басқармасы аумағындағы өндірістік қызмет көрсету, 2-ЗЖҚ, ӨШК құрылысы, ТШК құрылысы (5 дана), СКЖЖАЖҚ қайта құрылымдау, ЖАЖЖ аумағындағы ШТС сақтауға арналған ғимарат, №2 Мұнай-газ өндіру басқармасы, №2 МЖГӨЦ асханасын ағымдағы жөндеуден өткізу сияқты нақты жұмыстар мен күрделі жөндеулер жүргізілді.








«Өзенмұнайгаз» АҚ тұтас өңірдің тіршілігін қамтамасыз етіп отыр. Сондықтан компания жыл сайын даму және оңтайландыру үрдісіне ерекше көңіл бөледі. Бұған мұнай өндіру қарқынының артып жатқаны дәлел бола алады.

Өзен және Қарамандыбас кен орындарының ерекшелігі - өнімді қабаттардың біртектілігі. Мұнай қорының негізгі бөлігі өткізгіштігі жоғары қабаттарда жиналса, өткізгіштігі төмен немесе орташа қабаттарда бұл көрсеткіш сәйкесінше 14 пайыз және 27 пайыз құрайды.

Қазіргі таңда мұнда игерілетін қордан 400 млн. тонна мұнай өндіріліп, игеру көрсеткіші 77 пайызға жетті. Игерілген қордың басым бөлігі Өзен кен орнының негізгі кеніштеріне тиелісі екенін атап өтуге болады. Бүгінде күмбездер мен кенорынның шет аймақтарындағы өткізгіштігі төмен қабаттарға жаңа ұңғылар қазылып жатыр. Сонымен қатар өнім қабатты су арынымен жару технологиясын қолдану арқылы да өндіріліп келеді.

ЖАҢА ҰҢҒЫ — ТИІМДІ ӨНІМ



Компания жыл сайын мұнай өндірудің жобалық көрсеткіштерін орындау мақсатында біршама ұңғы қазады. Ал жаңа ұңғыны сапалы қазумен қатар, одан экономикалық тұрғыда тиімді өнім алу міндеті геолог мамандарға жүктеледі. Бұл тұрғыда компания кен орынның ескілігін, өнімділігі жоғары аймақтардың сулануын ескере отырып, кейінгі жылдары жаңа аймақтарды табу, біршама уақыт бұрын қазылса да, сол кездегі технологияның деңгейіне қарай пайдалану, мүмкіндігі шектеулі болған қабаттарды қайта ашу мақсатында біршама жұмыс атқарып жатыр. Атап айтқанда, 2021 жылы қазылған ұңғылардың 80 пайызы коллекторлық қасиеті төмен аймақтарда қазылып, бұл ұңғылар қабатты су арқылы жару технологиясын қолдану арқылы іске қосылды.

«Өзенмұнайгаз» АҚ мұнай өндіру көлемі бойынша өндіруші компаниялардан оқ бойы озық. Компанияда 4875 ұңғы жұмыс істеп тұр, оның ішінде 1086 ұңғы – су айдау қоры. Бір айта кетерлігі, ауыспалы қордың мұнай қарқынын арттыру және бір қалыпта ұстау – күрделі мәселе. Осы ретті 18 жылдан бері жүргізіліп келе жатқан қабатты су арқылы жару технологиясының өзіндік орны бар. Жаңа ұңғылардан бөлек, 2021 жылы ауыспалы қордың 117 ұңғысында осы технология қолданылды. Соңғы 5 жылдың өзінде қабатты су арқылы жару технологиясын жүргізу арқылы 6,7 млн тонна қосымша мұнай өндірілді.


Осы уақытқа дейін негізгі кеніштерден басқа Күмұрын, Парсымұрын және Солтүстік-батыс күмбездерінің қорын игеру қабаттардың коллекторлық қасиетіне байланысты шектеулі болған еді. Бірақ қазіргі таңда бұл аймақтарды қарқынды игеру жұмысына дәл осы қабатты су арқылы жару технологиясы негіз болғанын ерекше атап өтуге болады.

Дегенмен, қабатты су арқылы жару технологиясын қолдану мүмкін емес жағдайлар да болады. Әсіресе, бұған қабаттың өзіндік ерекшеліктері қиындық туғызады. Сондықтан 2019 жылдан бастап өндірісте осы дәстүрлі технологияның орнына скин-ГРП технологиясы қолданысқа енгізілді. 2021 жылы 120 ұңғыда скин-ГРП технологиясы қолданылды. Бұл технология су қабаттары жақын немесе өткізгіштігі жоғары қабаттармен аралас біткен төмен өткізгішті қабаттардағы қалдық мұнай қорын ұтымды пайдалануға бағытталған.

2021 жылдың 11 айында қабатты су арқылы жару технологиясын қолдану арқылы 425 мың тонна қосымша мұнай қосымша бұрғылаудан шыққан ұңғылардан, қозғалыстағы қор бойынша және скин-ГРП қолдану арқылы өндірілді.

2021 ж. 11 айы бойынша


ҚСАЖ технологиясын қолдану арқылы атқарылған жұмыстар





БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ – ӨНДІРІС ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ

Әлемдік статистикаға сәйкес, қайғылы оқиғаның жүздеген себебінің ішінде тек төрт жағдай ғана қауіпсіздік шартына байланысты орын алып жатады. Әрине, бұл жерде адами факторға да жол беріп алатын тұсымыз бар. Ал кез келген өндіріс ошағының негізгі басты байлығы – адам. Сол себептен де жұмысшылардың еш уайымсыз әрі кедергісіз еңбек етуі үшін жағдай жасап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету әу бастағы міндеттің бірі. Осы мақсатта «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі орынбасары **Өсербай ТҰРСАБЕКОВПЕН** сұхбаттасқан болатынбыз.



– Өсербай Сансызбайұлы, сұхбатымыздың әлқисасын компаниядағы өткен жылы еңбек қауіпсіздігі жолында жасалған жұмыстардан бастасақ?

– Өзіңіз білетіндей, «Өзенмұнайгаз» АҚ еліміз бойынша мұнай және газ кешені саласында ірі компания. Компанияның басты құндылығы – өндірістік аймақтарда қауіпсіз еңбек жағдайын жақсарту, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану. 10.09.2021 жылы өткізілген «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ бойынша еншілес және тәуелді компаниялар арасында жыл сайынғы Бас директорлардың қауіпсіз тұрақты даму жолындағы VI Форумда, Қоғам «Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы үздік көрсеткіштері үшін» атты номинациясына ие болды. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар Министрлігінің өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің ұйымдастыруымен, 28.11.2021 жылы Орал қаласында Батыс Қазақстан бойынша «Мұнай-газ өндірумен, сондай-ақ ұңғыларды салумен және жөндеумен айналысатын ұйымдардың қауіпті өндірістік объектілеріндегі өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жағдайы» тақырыбындағы өткізілген семинар Кеңесіне (әрі қарай – Кеңес) «Өзенмұнайгаз» АҚ қатысты. Осы аталған Кеңесте өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайын жақсартуға бағытталған көптеген сұрақтары талқыға салынды және 2022 жылға арналған жұмыс жоспары нақтыланды.

Қазақстан Республикасының 11.04.2014 жылғы «Азаматтық қорғау» туралы заңының 76 бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар Министрлігінің өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесіне «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның қауіпті өндірістік объектілерінің декларациясын тіркеп және оған 15.09.2021 жылы 21-21.01.007579 НГД шифр берілді. Сонымен қатар, ҚР-ның 11.04.2014 жылғы «Азаматтық қорғау» туралы заңының 16 бабының, 3 тармағы, 14 тармақшасына сәйкес «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның қауіпті өндірістік аймағындағы қызмет етуінің нормативтік мерзімі біткен техникалық құрылыстарды уақытылы жаңартуды қамтамасыз ету бойынша 2021 жылғы іс-шара бекітіліп, жұмыстар жүйелі жүргізілді. Жұмыс уақытында жұмыскерлердің қауіпсіздік іс-қимылды бақылау бойынша жұмыстардың 2021 жылдың 11

айындағы нақты орындалысы – 5413 бақылауды құрап отыр.

Жүргізушілердің қауіпсіз іс-қимылын бақылау бойынша жұмыстардың 2021 жылдың 11 айындағы нақты орындалысы – 2050 бақылауды құрап отыр.

Бұның барлығы еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметкерлерінің өз қызметтік міндеттерін нәтижелі ұйымдастыруымен біткен шаруа.

– Өндіріс орындарында жұмысшылар еңбек қауіпсіздігін қатаң сақтай ма?

– Компанияға қарасты № 1, 2, 3, 4 МГӨБ-тің тербелмелі қондырғыларын өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары сәйкестендіру бойынша 2021 жылы жоспар бойынша 299 тербелмелі қондырғыдан тұратын іс-шарасы бекітіліп, нақты орындалысы 306 тербелмелі қондырғысы өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары сәйкестендірілді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 06. 06.2016 жылғы №239 «Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде, Қоғамның өндірістік объектілерінің еңбек жағдайлары бойынша өндірістік нысандарда санитарлық ережелер мен нормаларын сақталуын бақылау бойынша оң нәтижелі жұмыстары жүргізілді.

– Тәуелсіздігімізге 30 жыл жарияланған былтырғы жылда компанияда жазатайым оқиға орын алды ма?

– Әрине, жұмыс болған соң кемшіліксіз болмайды. 2021 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның өндірістік құрылымдық басқармаларында 4 ауыр жағдайдағы жазатайым оқиғасы тіркелді. Бұл жазатайым оқиғалар өткен жылғы оқиғалармен салыстырғанда 20 % азайып отыр. Компанияда қызметкерлерді еңбек міндеттерін атқарған кезде жазатайым жағдайлардан міндетті сақтандыру қызметі де бар. Өндірістік аймақта қандай да бір жазатайым жағдай болса барлық 9509 қызметкердің өмірі сақтандырылған.

– Ал сақтандыру жұмыстары қалай жүргізіледі?

– Заман талабына сай GPS құрылғысымен компаниядағы 1433 автокөліктің 100 пайызы қамтылған. Бұл құрылғы негізінен 3 жыл сайын арнайы тексерістен өткізілуі тиіс. Компания көліктеріне орнатылған GPS әр жылдары алынғандықтан тексеріс барлығына бірдей жыл сайын жүргізіліп отыр. Осы құрылғы арқылы жылдамдық режимін асыру көрсеткіштері үнемі бақылауда. Өткен жылмен салыстырмалы түрде қарастырсақ:

– 2020 жылы 3360 жылдамдық режимін асыру фактісі тіркелген?

– Ал, 2021 жылдың 11 айы қорытындысы бойынша 361 жылдамдық режимін асыру фактісі тіркеліп отыр, яғни көрсеткіштер шамамен 100 пайызға есе азайып отыр.

– Өндірісте жазатайым оқиғаны болдырмай, алдын-алу үшін қандай іс-шаралар жүргізіледі?

– Компания бойынша өндірісте апаттардың алдын алу және болған жағдайда дер кезінде іс-қимылдар жүргізу мақсатында әртүрлі масштабты жұмыстар жүргізіледі. Бұл жұмыстардың бір бөлігі төтенше жағдайлар қаупі кезінде және олардың алдын алудың іс-қимылдары бойынша өткізілетін оқу жаттығу болып табылады. Бекітілген кестеге сәйкес, жыл басынан Қоғамның өндірістік құрылымдық басқармаларында командалық штабтық, арнайы тактикалық және өрт тактикалық оқу жаттығулары өткізілді. Жыл басынан бері еңбек және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша бірқатар оқу-жаттығулары өткізілді. Оның ішінде жер сілкінісі, террористік акт, өрт, су тасқыны кезіндегі және АҚН арнайы техникасы аударылған кездегі химиялық реагенттің төгілуі, скважинаны ұштақпен (перо) жуу кезінде газ және мұнай шығуын жою, УН-02 пеш иіртүтігінің жарылуы сынды кездегі қызметкерлердің іс-әрекеті сыналды.

«Өзенмұнайгаз» АҚ-да жұмыс уақытында жұмыскерлердің қауіпсіздік іс-қимылды бақылау бойынша жүргізушілердің қауіпсіз іс-қимылын бақылау бойынша бірқатар жұмыстары жүргізіліп келеді. Аталған жұмыстар Қоғам бойынша бекітілген кестеге сәйкес жасалады.

– «Сақтансаң сақтаймын» деген дана сөз бар. Сондықтан еңбек қауіпсіздігін әрбір қызметкер жауапкершілікті сезінуі керек. Сөз соңында «қара алтын» игеріп жүрген мұнайшыларға қандай кеңес айтар едіңіз?

– Кез келген өндірістің міндеті – қайғылы жағдайға жол бермеу. Себебі адам өмірін ешқандай байлықпен айырбастай алмайсың. «Өзенмұнайгаз» компаниясы еңбек қауіпсіздігін сақтау үшін барынша жағдай жасап отыр. Дегенмен де әрбір жұмысшы да талаптарды қатаң сақтау керек. Сонда ғана нәтиже болады. Өндірістегі қауіпсіздік мәселесін көтеру мақсатында нормативтік құжаттар, нұсқамалар үнемі жаңартылып отырады. Негізінен еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметінің басты мақсаты – еңбекті қорғау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау, жұмыс нәтижесі көрсеткіштерін есепке алу, талдау және бағалау болып табылады. Осы бағытта «Өзенмұнайгаз» АҚ ұжымы тарапынан нақты іс-шара жоспары жасақталып, қыруар шаруа атқарылды және де бұл жұмыстар әрі қарай жалғаса бермек.

– Өңгімеңізге рахмет!



Телебайланыс инфрақұрылымы ЖАҢАРТЫЛУДА

Заманауи компанияны дамытудың маңызды шарты – телебайланыс инфрақұрылымын жаңа технологияларға сай үнемі жаңғыртып отыру. Бүгінгі таңда технологиялық прогресс үлкен жылдамдықпен дамып жатқандықтан, жабдықтар мен құрамдас бөліктер істен шығып қана қоймай, олар сапалық жағынан ескіріп отыратыны да жасырын емес.

Осы ретте «Өзенмұнайгаз» АҚ телебайланыс жабдықтарын жаңартып отыруға ерекше көңіл бөліп келеді. Акционерлік қоғамның қажеттілігі күннен-күнге өсіп жатқандықтан, абоненттер саны мен жасалатын шақыртулар саны да көбейетіні белгілі. Ал цифрландыру талаптарына сай екінші шақыру, ұжымдық шақыру, бейнешақыру сияқты жаңа талаптардың пайда болуына байланысты үйреншікті функционалды кеңейту міндеттері туындайтыны да түсінікті.

Осы мақсатта «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына 1300 абоненттік телебайланыс инфрақұрылымы жеткізіліп, оны монтаждау-реттеу жұмыстарын жүргізу қажет болды. Жұмыс барысында компанияның барлық өндірістік құрылымдық басқармасы мен шалғайдағы цех және базалардағы ескі үлгілердің орнын озық буынды жаңа үлгідегі IP телефон аппараттар басты.

Коронавирус пандемиясы кезінде бейнеконференция байланысына қажеттілік артты. Уақыт талабына сәйкес компания бейнеконференция жүйесін өндірістік құрылымдық басқармалары арасында және «ҚазМұнайГаз ҰК» АҚ құрамындағы басқа компаниялар арасында ұйымдастыру үшін жүйе серверін жүргізуге келісім-шарт жасалды. Қолданыстағы көнерген бейнеконференция жүйесін жаңа көп функционалды «Cisco Unified Communication Manager» жүйесіне көшіру жұмыстары жүзеге асырылды. Бұл жүйе қазір бір уақытта 64 абонентпен кеңес өткізу, онлайн режимде қызметкерлерді оқыту, басқа ұйымдармен келіссөздер жүргізу секілді басқа да жұмыстар барысында белсенді түрде қолданылып келеді.

2021 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ телебайланыс инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстарын жүргізді. Бұл ретте компания Cisco телефон стансасының IP бағдарламалық-аппараттық кешенінің қолданыстағы лицензиялар санын кеңейтуді, өндірістік аймақтағы жұмыс орындарын цифрлық телефон байланысымен қамтамасыз етуді және аналогтық байланысты алмастыруды мақсат етті.

Компанияда кейінгі екі жыл ішінде телебайланыс саласында болған елеулі жаңалықтардың бірі 50 метрлік діңгек антеннаның құрылысы болды. Бұл антенна SCADA телеметриясының көрсеткіштерін қашықта орналасқан нысандардан нақты уақыт режимінде берілуіне, мұнай мен газ өндірудің мұрағаттық көрсеткіштерін талдауға, сондай-ақ Kcell, Beeline, басқа да ұялы байланыс операторларының қызметін тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған. 50 метрлік діңгек антенна құрылысы аясында бірқатар жұмыс атқарылды. Атап айтқанда, онлайн және резервтік электр жабдықтар, климат бақылауды қолдауға кондиционер, автоматты жылытқыш, жабдықтарды салатын контейнер, байланысқа арналған жабдықтар, бірнеше километр радиустағы алаңшаны онлайн қарайтын басқарылмалы көп еселі зумы бар бейнекамералар орнатылды.



ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК — компания назарында

«Өзенмұнайгаз» АҚ өз қызметкерлерімен үнемі тығыз байланыста. Қуаныш пен қайғысына ортақтасып ұжымдық шарт бойынша әлеуметтік көмек көрсетеді. 2021 жылды қорытындылай келгенде ұжымдық шартқа байланысты 356 400 345,00 теңге қаржылай көмек берілді.

«Өзенмұнайгаз» АҚ жыл сайын мәдени спорттық шараларға шамамен 146 миллион теңге бөледі.

2020 жылы елдегі коронавирустық инфекция жағдайына байланысты көптеген мәдени және спорттық шаралар қысқартылды. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Маңғыстау мұнайының 60 жылдығын мерекелеуге 113 миллион теңге бөлінді, алайда өңірдегі эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына байланысты мерекелік шаралар өткізілмей қалды.

- Жаңаөзен қаласындағы мемлекеттік мұрағаттың типтік ғимаратын салу шығындарын қаржыландыру үшін 155 миллион теңге.
- Мектеп интернатының Жаңаөзен лицейінің ғимаратын ағымдағы жөндеуге және құрал-жабдықтармен жабдықтауға – «Білім-инновация» – 370 млн. теңге.
- Электр энергиясын үздіксіз өндіруді қамтамасыз ету үшін «Өзенжылу» МКК шағын ЖЭО жаңғыртуға – 216 млн. теңге
- Құрал-жабдықтарды сатып ала отырып «Мұнайшы» мәдениет сарайын ағымдағы жөндеуге жұмсалатын шығындарды қаржыландыру үшін – 400 млн. теңге бөлінді.

